

ӘОЖ 7.097

Ж. Әбдіжәділқызы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: journalist_teoretic@mail.ru**Телесценарий жазу өнерінің кәсіби ерекшеліктері**

Аңдатпа. Мақалада тележурналистикадағы жазу өнерінің өзіндік ерекшеліктері мен кәсіби принциптері қарастырылып, телесценарийдің лингвистикалық және психологиялық аспектілері кәсіби тұрғыда зерттелген. Автор отандық тележурналистикадағы телесценарийдің жазылу барысындағы типтік кемшіліктерді атап өтіп, тележобалар авторларына қисынды әдіс-тәсілдер ұсынған. Сонымен қатар мақала авторы ақпараттардың дәлдігі мен фактілердің дәйектілігі сияқты ұғымдардың мәнін айқындап береді.

Түйін сөздер: телетуынды, тележоба, телеөнім, телесценарий, сценарийст-маман, сценарлық сабақтастық, тосын құбылыс, оқиға желісі, ақпараттық қор.

Тележоба әзірлеудің ең басында тұратын процесс телесценарий жазу болып табылады. Телесценарий – кез келген хабардың, кез келген жобаның «қаңқасы», яғни эфирге шығатын көрінісінің қағазға түсірілген қалпы. Телесценарийді оқу арқылы болашақ өнімнің бетбейнесін анықтап, көрінісін ойша елестетіп, көз алдына әкелуге болады. Телесценарий бүкіл хабардың болмыс-бітімін анықтайтын, оның сапасы мен мазмұнын айқындайтын телетүсірілім процесінің ең негізгі ажырамас бөлігі. Тіпті, осы процесінің іргетасы (фундаменті) десек те болады. Ал телевизиялық туындыға сценарий жазу кез келгеннің қолынан келетін қарапайым әрекет, оп-оңай жүзеге асыруға болатын жеңіл дүние емес екенін уақыт дәлелдеп отыр. Фильм түсіргісі келмейтін, авторлық бағдарламасын ашуға ұмтылмайтын тележурналист бар ма екен, сірә?! Сондықтан да бұл ретте, адамзат қабілетін зерттеп, арнайы «Психология» атты еңбек жазған Ж. Аймауытовтың «Неге арналсаң соны істе» [1] деген қағидасын басшылыққа алған абзал. Расында, телехабардың түпкі

нәтижесі мен сәтті шығуы үшін шығармашылық ізденіс пен үлкен шеберлікті талап ететін журналистік кәсіптің негізі болып табылатын бұл іс телевизия саласында қызмет ететін әрбір маманды қызықтыратыны даусыз. Бүгінгі таңдағы телеарналарда телесценарий жазудың қыры мен сырын меңгерген арнайы сценарийст – мамандардың болмауы бірізділіктің сақталмауы, ақпараттың қайталануы, ақпарат жеткіліксіздігі, сценарийдің ретсіз жазылуы мен онда көптеген мәселелердің қамтылмауы сияқты бірқатар келеңсіздіктер тудырып отырғаны жасырын емес. Дегенмен кей жағдайда әр журналистің өз бағдарламасының сценарийін өзі жазуының да ұтымды тұсы бар. Себебі әр адам әртүрлі ойлап, әртүрлі шешім қабылдайды. Осы тұрғыдан алғанда логикалық шешімнің сан қилылығы мен әдіс-тәсілдердің әртүрлі қисындағы қолданыстары бағдарламалар мен хабарлар барысындағы ерекшеліктерді аңғартады. Соған қарамастан сценарий жазу барысында кез келген автор – сценарийст ғылыми негізде жүйеленіп, теориялық тұрғыда тұжырымдалған

кәсіби принциптер мен шығармашылық заңдылықтарға сүйенуі – шарт. Сценарийді журналистің өзі жазған кезде ақпарат негізінен қолда бар материалдар мен интернеттен алынған мәліметтер пайдаланылады. Журналистің жазатын тақырып аясы – шексіз. Себебі саясатты жазатын журналист саяси мәселелерді саясаткерден, ал білім беру саласын жазатын журналист сол саладағы негізгі қисындарды кез келген ұстаздан кем білмеуі – шарт. Сол сияқты басқа салаға маманданған журналистің сол салалар туралы жан-жақты білімі – басты талаптардың бірі ғана емес, әрбір жазған сценарийдің тақырыптық мазмұнын сақтай отырып, ақтық нәтижеге жету үшін қажетті алғышарт. Алайда еліміздің телеақпарат кеңістігінде белгілі бір саланы ғана жазатын журналистер жоқтың қасы. Сондықтан бір ғана саланы жетік меңгерген телесценарийист табу – сирек құбылыс. Біздің отандық тележурналистикада қалыптасқан тенденция қажет бола қалған жағдайда тап келген тақырып бойынша жан-жақты ізденіп, саланы терең зерттеуге, ол туралы тың ақпараттар жинап, көрермен қызығушылығын оятып, талғамына сай дүниелер ұсынуға машықтануға тура келеді. Себебі бүгінгі таңда телеиндустрия саласындағы бәсекелестік қазақ тілді журналистерге де үлкен талап қойып отыр. Олардың біліктілігі мен кәсіби шеберлігі олар ұсынып отырған өнімнен айқын аңғарылады. Әйтсе де, телетуынды – шығармашылық бірлестік жұмыла атқаратын жұмыстың нәтижесі. Сондықтан да бүгінгі телехабарларға айтылатын сын-пікірлер тек жүргізушіге ғана емес, сценарийстен бастап, жүргізушіге дейінгі шығармашылық процесс пен кәсіби қызмет кезеңдерін қамтитын бүкіл шығармашылық ұжымға айтылған сын-пікір деп түсінген жөн. Себебі, телеөнім – тікелей шығармашылық бағыттағы ұжымдық еңбектің жемісі. Сценарийстен бастап, ақпаратпен қамтамасыз ететін редакторлар, сценарийдің көрнекті түрде эфирге шығуына жауап беретін, жүргізушінің іс-әрекетіне мән беретін режиссерлер, мәтінді жанды дауыс пен жанды бейнеге айналдыратын жүргізушілер, ракурсты дұрыс тандап, бейненің эфирден тартымды берілуіне жауапты оператор, т.с.с. – осының бәрі бір хабардың сәтті эфирге шығуының басты кепілі. Дегенмен осының бәрінің бастапқы қадамы – телесценарий. «Сценарий» ұғымы телевизияға театрдан келген.

«Сахна сыртында актерге қай жақтан қалай шығу керектігін көрсетіп тұратын адамды сценариус деп атаған. Кинематографияда актерлардың кинокамера алдына шығу реті жазылған. Бірте-бірте мән-мазмұны артып, әдеби шығарма мағынасына ие болған» [2]. Ал телевизиялық сценарий – экрандық туындының қағазға түсірілген нұсқасы. Ол әдеби, яғни журналистік және режиссерлік сценарий болып екіге бөлінеді. Режиссерлік сценарий жұмыс сценарийі деп те аталады. Өйткені әдеби сценарийде экрандық туындының монолог, диалог сипатындағы тілдік баяндау процесі қамтылса, режиссерлік сценарийде бейнелік көрініс ретіндегі іс-әрекет процесі ұсынылады. «Тікелей эфирде өтетін телебағдарламаларға толыққанды сценарий жазылмайды. Сондықтан да ол сценарлық жоба деп аталады» [3]. Телевизиялық сценарий экрандық туындыны жарыққа шығару үшін жасалатын негізгі құжат болып табылады. Телевизиялық сценарийді экрандық туындыға айналдыру үшін үлкен шығармашылық топ жұмыс істейді. Олар: автор – сценарийист, режиссер, режиссердің ассистенті, түсіруші оператор, монтаждаушы оператор, бейнеинженер, жарық түсіруші, т.с.с. Кез келген журналистік туындыны режиссураның көгілдір экран арқылы көрерменге ұсыну мүмкін емес. Әлбетте, алдын ала түсіріліп, монтаждалып болған соң эфирден берілетін телематериалдың режиссуралық процестерін қажет болған жағдайда бірнеше рет қайталап орындау арқылы өз деңгейінде жүзеге асыруға болады. Әлбетте, түсірілімге шақырылған бағдарлама қонақтары мен көрермендердің бірнеше сағат бойы ұзақ уақыт отыруына тура келетіні де сондықтан. Тіпті, қайталана бергендіктен бағдарламаға қатысушылардың түсірілімнен жалғып, шаршап кететін кездері де жиі ұшырасатын жағдай. Ал тікелей эфирдегі телебағдарлама режиссурасының жөні бір бөлек. Ол алдын ала жоба ретінде ғана әзірленеді. Сөйтіп, тікелей эфирде бірден жүзеге асады. Ал жүзеге асу барысында оны қолма-қол түзету мүмкін емес. Өйткені тікелей эфир – қайталанбайтын құбылыс. Телевизиядағы тікелей эфир кезінде бірнеше камера бір мезгілде бірдей жұмыс істейді. Тікелей эфир кезіндегі монтаж камераларды алма-кезек ауыстырып қолдану арқылы жүзеге асады. Сондықтан да тікелей эфирдегі бағдарлама режиссері әрбір процесті жіті қадағалап, ауытқушылық орын алған кад-

рды басқа бір ұтымды кадрмен қолма-қол ауыстырып үлгеруі керек. Және сол кадрлар тізбегі бағдарлама тақырыбы аясындағы мән-мазмұнның мағыналық желісін үзіп алмастан сабақтастық сақтай отырып жалғасын табуы керек. «Сценарий телетуындыны жарыққа шығару барысындағы эфирге дейінгі дайындық кезеңін камтиды. Журналистік телетуындыға сценарий жазу барысында материал зерттеледі, фактілер іріктеледі, тақырып таңдалып, сюжеттің композициясы анықталады» [4]. Сценарий жазатын журналист жылдар бойы жинақтаған тәжірибесі мен білімі негізінде мазмұнды, мағыналы, тартымды сценарий жазуға машықтана түседі. «Сценарий жазуды жаңа бастаған көптеген журналистер телетуынды тақырыбына тікелей емес, жанама қатысы бар ақпараттарды жиі қосады. Бұл, негізінен, автордың тақырыпты терең түсінбегенінен, тақырыпты ашуға қажетті деректер мен оқиғаларды дұрыс таңдай білмегендігінен болады» [5]. Сондықтан журналистік біліктілік пен ізденімпаздық, ой жүйелілігі мен тапқырлық көп жағдайда мақсатқа жетуге кепілдік беретін басты критерий екені даусыз. Шындығында, тікелей эфирге шығатын немесе алдын ала түсіріліп көрерменге ұсынылатын телетуындылардың тетігі мент тегершігі болып табылатын телесценарийге келіп тірелетін барлық мәселені бір ғана ғылыми мақаланың аумағына сыйғызу әсте де мүмкін емес. Өйткені тележурналистикадағы жазу өнерінің кәсіби ерекшеліктері – үлкен ғылыми ізденістер мен теориялық зерттеуді, жан-жақты талдауды қажет ететін тақырып. Телехабар барысында көріністік қатардың сан түрлілігі мен сюжеттердің арнайы эффектілермен безендірілуі айрықша рөл атқарады. Ендеше сценарийст сценарий барысында қай жерде қандай ерекше сәттер көрініс табатынын алдын ала ойластырып, жазып қойғаны дұрыс. Бұл ретте сценарий жазып отырған журналистің елестету қабілетінің жоғарылығы, мәтінді алдын ала телеөнім ретінде көре білуі ерекше мәнге ие. Телесценарийді тартымды ететін тағы бір критерий – тіл. «Көркем тілде сөйлеу әңгіменің тиімділігін арттырады, айшықты сөз көрермендердің қызығушылығын тудырып, ықыластарын оятады, адамның ойына емес, сезіміне, яғни ойша елестету қабілетіне әсер етеді» [7]. Кез келген журналистік туындыға, тіпті, жаңалықтар желісінде берілетін сюжетке сценарий жазу барысында тілдің

экспрессивтік қызметінің атқаратын рөлін әрдайым есепке алып отыру қажет. Өйткені экрандық туынды көрермен көңілін баурап алған сәтте өз мақсатына жетеді. Сол тұрғыдан алғанда, сценарийдің сәтті басталуының бір қисыны – тақырыптың дұрыс таңдалуы. Ізденімпаз журналист үшін бүгінгі күннің өзекті тақырыптарын таңдау қиын емес. Әдетте сценарий жазатын адам бірнеше ай бұрын өзінің тақырыптар тізімін бекітіп алады. Тек қоғамда белгілі бір жағдай орын алғанда ғана жоспардан тыс хабарға сценарий жазуы мүмкін. Бірақ көп жағдайда күнтізбедегі мерекелерге, атаулы күндерге, елдің саяси, қоғамдық, әлеуметтік, мәдени, рухани өмірінде ерекше маңызы бар күндерге орай өзінің тақырыптық жоспарын құрады. Осы жоспардың тізімін әрдайым жадында ұстаған сценарист кез келген тақырып аясында материал жинау барысында кездескен деректерді, ақпараттар мен статистикалық мәліметтерді жинастыра береді. Сөйтіп, өзінің бүгінгі таңдағы өзекті мәселелер аясында жасаған жоспары нәтижесінде белгілі бір дәрежеде ақпараттық қор жиналады. Бұл өз кезегінде кез келген сценарий жазуда таптырмас көмек құралы болары анық. Себебі журналистің өмірі, шығармашылығы, қызметі, ең алдымен, ақпаратпен тығыз байланысты. Сондықтан ақпарат жинау, керегін таңдап, дер кезінде оны ұсына білу журналист шеберлігінің бір қыры болып табылады. Сонымен қатар сценарий желісінің күтпеген арнаға бет бұруы, яғни сценарий аясындағы тосын құбылыс журналист шеберлігінің бір қыры болып табылады. Хабардың немесе оқиғаның соңы көрермен үшін кей жағдайда белгілі болады. Оны алдын ала болжап қою хабарға деген қызығушылықты жоюы мүмкін. Сол себепті адамдардың күнделікті өмірінде кездесе бермейтін тың фактілер, қызықты деректер, бірегей жағдайлар, түрлі іс-әрекеттер, яғни белгілі бір тәртіптен, белгілі бір қалыптан тыс жағдайлар көрермен үшін қызықты болып табылады. Бір сарындылықтан шығудың тағы бір жолы – сценарийдегі осындай күтпеген фактілер мен бірегей ситуацияларға құрылған оқиға желісі.

Әдебиеттер

- 1 Телесценарийлердегі қайталаушылық.
- 2 Тың идеялардың тапшылығы.

3 Сценарий мәтіндегі грамматикалық, стилистикалық қателіктер.

4 Сценарий жазудың белгілі бір үлгісінің болмауы салдарынан сценарийлердің ретсіз жазылуы.

5 Аудитория талап-тілегінің ескерілмеуі.

6 Сценарий тақырыбындағы ауытқушылықтар.

7 Ойдың шашыраңқылығы.

8 Сценарий оқиғаларындағы орынсыз ұшырасатын кездейсоқтықтар, яғни сценарлық са-

бақтастықтың сақталмауы Аймауытов Ж. Психология. – Алматы, 1926. – 27 б.

9 Телевизионный сценарий. – М.: Высшая школа, 2002. – С.138.

10 Әбдіжәділқызы Ж. Тікелей эфир табиғаты. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 21б.

11 Братцев И. Телевизионный сценарий в книге «Практическая журналистика в Казахстане». – Алматы, 2008. – С. 147.

12 Сонда, 151 б.

13 Ошанова О. Журналистің сөйлеу мәдениеті. – Алматы, 2008. – 35 б.

Ж. Абдижадилқызы

Профессиональные особенности сценарного мастерства

В статье рассматриваются специфические особенности и профессиональные принципы сценарного мастерства, исследуются некоторые лингвистические и психологические аспекты телевизионного сценария с профессиональной точки зрения. Автор анализирует актуальные проблемы отечественной тележурналистики по написанию сценариев и называют ряд требований к сценаристам, которые являются авторами телепроектов и телепрограмм. А также раскрывает суть таких понятий, как сбалансированность информации и достоверность фактов.

Ключевые слова: телепроизводство, телепроект, телепродукт, телесценарий, сценарист, сценарная преемственность, неожиданное происшествие, развитие события, информационный фонд.

Zh. Abdizhadilkizi

Professional features of scenario skill

The article deals with the specific features and professional guidelines for screenplay explores some of the linguistic and psychological aspects of the television script from a professional point of view.

The author analyzes the current problems of journalism and called a number of requirements to authors who are the authors of TV-shows and TV programs. And also opens an essence of such concepts us equation of information and reliability of the facts.

Keywords: telework, teleproject, teleproduct, telescenario, scenarist scenario continuity, unexpected incident, event development, information fund.